

**Табиғи ресурстар
және экологиялық
құқық**

**Природоресурсовое и
экологическое
право**

**Natural resources
and ecology
law**

ӨОЖ 349.6

¹А.Қ. Жангабулова* · ²А.Т. Салыхбаева

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, з.ғ.к., доцент, заң факультеті кеден, қаржы және экологиялық құқық кафедрасы, Қазақстан, Алматы қ.

²Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, заң факультеті кеден, қаржы және экологиялық құқық кафедрасының 2-курс магистранты, Қазақстан, Алматы қ.

*E-mail: zarya_kz@mail.ru

Экологиялық тәуекелдердің жалпы сипаттамасы

Аңдатпа. Бұл мақалада авторлар экологиялық қауіпсіздікті және экологиялық тәуекелдің түсінігін, түрлерін, экологиялық тәуекелді басқару және оның тәртібін қарастырып, мәселенің шешу жолдарын ұсынған.

Түйін сөздер: қоршаған орта, экологиялық қауіпсіздік, экологиялық тәуекел.

Мемлекет адамның өмір сүруі мен денсаулығына қолайлы айналадағы ортаны қорғауды мақсат етіп қояды және адамдардың өмірі мен денсаулығына қатер төндіретін деректер мен жағдаяттарды лауазымды адамдардың жасыруы заңға сәйкес жауапкершілікке әкеп соғады деп мемлекет әр азаматтың құқығын сақталуын кепілдеп отыр [1]. Қоршаған ортаға қатысты қандай да болмасын ақпаратты, оның жай-күйіне және адам өмірі мен денсаулығына тигізуі мүмкін зиянды білуіне құқығының бар екендігін қамтамасыз етіп отыр. Бұл норма экологиялық кодекстің 163-бабында орын алған. Экологиялық ақпарат, Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, жалпыға бірдей қолжетімді болып табылады. Жалпыға бірдей қолжетімді экологиялық ақпаратты құрайтын жекелеген мәліметтер мен деректерге қолжеткізу оларды жеке және заңды тұлғалардың сұратуы бойынша беру, бұқаралық ақпарат құралдарында, арнайы басылымдарда тарату, Интернетте орналастыру арқылы, сондай-ақ өзге де жалпыға бірдей қолжетімді ақпараттық-коммуникациялық құралдар қолданыла отырып жүзеге асырылады. Экологиялық ақпараттың

мемлекеттік ақпараттық ресурстарына (ақпараттық деректер базасына) қол жеткізу жалпыға бірдей қолжетімді тіркелімдерді және экологиялық ақпарат кадастрларын қалыптастыру мен сүйемелдеу арқылы жүзеге асырылады. Қол жеткізу шектелген мәліметтер мен деректерді қамтитын құжаттарға және ақпараттық ресурстарға қол жеткізуге рұқсат беру Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады [2]. Экологиялық ақпарат: қоршаған ортаның және оның объектілерінің жай-күйі; қоршаған ортаға әсер ету факторлары, оның ішінде оның ластануы туралы; қоршаған ортаға әсер ететін немесе әсер ете алатын бағдарламалық, әкімшілік және өзге де шаралар; экологиялық нормативтер мен шаруашылық және өзге де қызметке қойылатын экологиялық талаптар; қоршаған ортаны қорғау жөнінде жоспарланатын және іске асырылатын іс-шаралар, оларды қаржыландыру; қоршаған ортаға әсер ететін немесе әсер ете алатын қызмет және өзге де мәліметтер мен деректерді қамтиды.

Қоршаған ортаға қатысты ақпаратты білу біздің құқығымыз болса, қоршаған ортаны қорғау міндет болып табылады. Қоршаған ортаға қандай да болмасын зиянды әсерін тигізетін

кез келген құрылыс пен өндіріс объектілері жайлы толық қанды мәлімет алуға және оның талықлануына қатысуға әр азаматтың құқығы бар. Қоршаған ортаға және адамның өмірінің сапасын төмендететін жағдайлар қауіпті өндіріс орындарының құрылысы мен іске қосылғаннан кейінде орын алу мүмкін апатты орны толмас жағдайларға ұшыратады. Мысалы, Чернобыль Атом электр станциясындағы (АЭС) апаттан кейін 25 жыл өткенде, технологиялары жоғары деңгейде дамыған, барлық қауіпсіздік талаптарына жауап береді деген Жапонияның «Фукусима-1» АЭС-індегі табиғи зіл-заланың салдарынан орын алған апат әлемді атом энергиясын пайдалану тұрғысынан тағы да ойлануға мәжбүрлеуде. Бүгінде Қазақстанның Батыс өңірінде АЭС құрылысына қатысты мәселе өршіп тұр. Мамандардың айтуынша, станция салынған жағдайда, алдымен, электрқуаты арзандайды. Екіншіден, газдың көлемі артып, оны экспорттауға мүмкіндік туады. Қазір әлем нарығында газдың бағасы шарықтап барады. Осыдан 6-7 жыл бұрын 1000 текше метрге 9 доллар төленсе, қазір 60 доллар шамасында [3].

Адамзат әзірге атом энергиясына балама боларлық энергия көзін таппай отыр. Жобадаға атом электр станциясының көлемі кіші болады, оның реакторы өзгеше, сол себепті де экономикалық тұрғыдан атом станциясынан бас тарту тиімсіз. Атом энергиясы күні бүгінге дейін дәстүрлі болып келген жылу энергиясын алмастыратын бірден-бір энергия көзі. Атом станциясын пайдалану зиянды радиоактивті заттардың жиналуына алып келетінін ұмытпау керек. АЭС қызметінің нәтижесінде қалдықтарды зиянсыз көму мәселелері де туындайды. Сол үшін әлем радиоактивті қалдықтарды көметін ұзақ мерзімді қоймалар жасауды қолға алған. АЭС-ті пайдалану қауіпті радиоактивті қалдықтармен қатар қоршаған ортаға басқа да зиянды энергия бөліп шығарады. Ал бұл қоршаған ортаның жай-күйін нашарлататын факторлар.

Қоршаған ортаның, халық денсаулығының, кәсіпорынның қызметінің жағдайына жағымсыз салдарға ие оқиғаның басталуы және төтенше табиғи және техногендік сипаттағы қоршаған ортаны ластау, экологиялық талаптарды бұзу ықтималдығын бағалау мен анықтау мәселесі туындайды. Яғни, экологиялық тәуекел жалпы мойындалған қағидалар мен адамның, шаруашылық субъектілерінің, қоғамның және

мемлекеттің қоршаған ортаға, сонымен қатар олардың арасында пайда болатын әлеуметтік қатынастардың нормаларынан ауытқушылық ретінде сипатталады.

Абсолютті қауіпсіздік тұжырымдамасы осы уақытқа дейін әлемдегі нормативтер жасалған іргетас болып келді. Апаттарды болдырмау үшін қосымша техникалық жабдықтар – тәртіптің жоғары деңгейін қамтамасыз ететін қауіпсіздіктің инженерлік жүйесі енгізілді, жұмыстың қатаң регламенті, ұйымдастырушылық шаралар қабылданды.

Мұндай инженерлік, детерминистік тәсіл халық пен қоршаған орта үшін кез келген апатты болдырмайды және шексіз қауіпсіздікті, яғни нөлдік тәуекелді қамтамасыз етеді деп саналды.

Материалды игілік жасауға бағытталған адамның кез келген қызметі энергияны пайдаланумен, оның күрделі техникалық жүйелермен өзар әсеріне байланысты, ал оны қорғау мен қоршаған ортаның жағдайы, халықтың денсаулығы мен қоршаған ортаның сапасы көрсеткіш болып табылмайды, керісінше қауіпсіздіктің техникалық жүйелерінің тиімділігі және сенімділігімен өлшенеді, әрі ол салалық, инженерлік сипатқа ие.

Егер апатты болдырмаудың техникалық жүйелеріне үсті-үстіне қаражат сала берсек, әлеуметтік бағдарламаларды қаржыландыруды қысқартып тастауға мәжбүр боламыз және адам өмірінің орташа ұзақтығы мен оның сапасын қысқартамыз.

Оның қолайлылығы экономикалық және әлеуметтік түсініктермен негізделген болуы керек. Бұл шаруашылық қызметіне негізделген қауіптілік факторынан тәуекелдің дәрежесі «қолайлы» болып келеді, оның көлемі жүзеге асыру мүмкіндігі мен мүмкін болатын зиянның белгісіздігі соншалықты, тұтасымен алғанда адам мен қоғам материалдық және әлеуметтік игілік түріндегі алынатын табыстар үшін осындай тәуекелге баруға дайын.

Ерікті тәуекел – бұл адам оған келтіретін зиянды біле отыра саналы түрде баратын тәуекел. Сонымен қатар бұл индивидте тәуекелге бару немесе бармау таңдауының болуымен сипатталады.

Өндірістік қатынастардағы дамыған елдердің барлығында қолайлы тәуекелдерді қолданудың тұрақты тенденциясы бар. Қазақстанның саясаты басқа елдерге қарағанда абсолютті қауіпсіздік

тұжырымдамасына негізделуі керек. Бірінші кезеңде әртүрлі деңгейіндегі экономикалық тәуекелдерді қолдануды бағалай келе, тәуекелді қарастыру тек зиянды салдарымен шектелуі және соңында өлім нәтижесіне алып келуі мүмкін, сондықтан бұл көрсеткіш үшін сенімді статистикалық мәліметтер жеткілікті.

Онда экологиялық тәуекелге: залалдар көлемінің бұл фактордың интенсивтілігі көлемі нормаланған көлемінде белгілі уақытта зиянды экологиялық факторлардың әсерінен өлім нәтижесінің санынан көрінетін қатынасы кіруі мүмкін. Осылайша, экологиялық тәуекелді анықтауда басты назар зиянды өлім нәтижесіне алып келетін экологиялық салдардың және экологиялық әсердің, оның компоненттерінің сапалық бағасына қатынасын талдауға бағытталуы керек. Әртүрлі қызмет түрлерімен байланысты экологиялық тәуекелдің қоғамдық қолайлылығы экономикалық, әлеуметтік және психологиялық факторлармен анықталады.

Тәуекелді басқару қағидасында стратегиялық және тактикалық мақсаттар салынуы керек. Стратегиялық мақсаттарда қоғамның жалпы алғанда игілікті жағдайға ұмтылысы көрінуі керек, ал тактикалық мақсаттар – халықтың қауіпсіздігін ұлғайтуға ұмтылыс. Онда тұрғындардың топтары мен әрбір тұлғаның мүдделерін төтенше тәуекелден қорғау айтылады.

Басты қағида тәуекелді басқаруға қоғамдағы бар қауіптердің барлық спектрі қосылуы керек, және олардан жалпы тәуекел қоғам үшін де кез келген адам үшін де жалпы алғанда «қолайлы» дәрежеден асып кетпеуі керек. Соңында, тәуекелді басқару саласындағы саясат экожүйеге көтере алатындай экологиялық ауырлықтың көлемін жоғарылатпау талаптарынан тұратын, табиғи экожүйеге әсерді қатаң шектеу қою аясында құрылуы керек.

Адамдар үшін тәуекел екі санатта көрініс табады: жеке тәуекел, адам өз қызметінде белгілі әсерді сезінуінің мүмкіндігі ретінде анықталса, әлеуметтік тәуекел апаттан қаза тапқан адамдардың саны мен ол апаттың болу мүмкіндігінің арақатынасымен анықталады.

Бүгінгі таңда тәуекелді бағалау адам денсаулығына тәуекел факторын және оның арақатынасын анықтауға мүмкіндік беретін, тәуекелді төмендетуде осы базада қызметтің басымдығын көрсететін жалғыз аналитикалық

жабдық болып табылады. Тәуекелдерді басқару – тәуекелді жағдайдың талдауы, тәуекелді төмендетуге бағытталған құқықтық акт нысанындағы басқару шешіміне негіз. Тәуекелдерді бағалау мен басқару тәртібі төмендегіше: 1) қауіптің анықталуы, тәуекелдің қайнар көздері мен факторларын, сонымен қатар олардың потенциалды әсер объектілерін, осындай әсердің негізгі нысандарын бекіту; 2) адам мен қоршаған ортаға тәуекел факторының шынайы әсерге бейімділігін бағалау; 3) тұрғындар мен қоршаған ортаға тәуекел факторының әсерін бағалау, экожүйе мен адамдардың анықталған тұрақсыздандырушы факторға тұрақтылығын анықтау; 4) сапалы және сандық өлшемдерді пайдаланумен тәуекелдің толық сипаттамасы [4].

Экологиялық тәуекелдерді бағалау: мүмкін экологиялық тәуекелдерді анықтау, жою және азайту; жағымсыз салдардың басталуын болжау, алдын алу немесе басталу мүмкіндігін азайту; жағымсыз салдардан сапалық және сандық көрсеткіштер алу; апаттардың тұрғындардың денсаулығына, қоршаған орта компоненттеріне, кәсіпорынның беделіне зиян келтірудің алдын алуға көмектеседі. Осыған байланысты тәуекелдерді бағалау шешім қабылдаудың құралына айналды.

Апаттылық пен жарақат алуды талдау негізгі себептеріне технологиялық жабдықтардың физикалық және коррозиялық бұзылуынан (47%), технологиялық ақаулармен байланысты персоналдардың қате әрекеттері (21%) және өндірістік тәртіпті (7%), қанағаттандырылмаған ұйымдастырушылық және қауіпті жұмыстарды жүргізуді (13%) жатқызады. Апатты жағдайлардың бес пайызы бақылау, басқару және дабыл беру жабдықтарының жұмыс істемеуінен болады [5].

Апаттың көп кездесетін себебі техникалық жабдықтардың ішінара герматизацияланбауы, фланцтік жалғастырулар, дәнекерленген ойықтардан кішігірім ағылулардың (1м³ көп емес) орын алуына алып келеді. Үлкен сандағы қауіпті салдарға алып келетін қауіпті заттардың тасталуының негізгі себебі жабдықтардың толығымен қиратылуы болып келеді.

Техногенді төтенше жағдайлардың себептері: 1) негізгі өндірістік қорлар мен апатты қадағалау және төтенше жағдайдың алдын алу жүйесінің тозуы; 2) жабдықтарды өз уақытысында және

сапалы жөндеуден өткізбеу; 3) апаттың алдын алатын (технологиялық үдерістердің апатты жағдайы, апаттың көздері) қауіпті объектілерді жарықтандырумен байланысты мәселелердің ұзақ шешілуі; 4) атмосфераға өрт жарылыс қауіпті және токсиндік заттардың таралуы, өндірістік мақсаттағы және басқа да ғимараттарда және насос айдауда өрт қауіпсіздігі, құбыр және жабдықтардың жағдайына жеткіліксіз қадағалау; 5) Технологиялық жабдықтарды эксплуатациялау тәжірибесінен:

6) теміржол цистернасы тепловоз машинистінің қате әрекеті нәтижесінде цистерналар қирап, ойық пайда болып, жолдан тайып кетіп аударылуы мүмкін; 7) цистерналардың герметикасының бұзылуы және құбырлардың фланцтік бірігулердің және тот басу немесе гидравликалық соққыдан арматураның герметизацияланбауы нәтижесінде; 8) авто цистерналардың герметикасының бұзылуы және құятын шлангтердің фланцтік бірігулердің және тот басу немесе гидравликалық соққыдан арматураның герметизацияланбауы нәтижесінде болуы мүмкін деп бекітілді [5].

Экологиялық тәуекелдерді бағалау шеңберінде мамандар: қызметті жүргізу мен жобасын жүзеге асыру барысында пайда болатын экологиялық тәуекелдердің тізімін анықтайды; экологиялық, экономикалық, құқықтық, әлеуметтік жағымсыз салдардың басталу мүмкіндігін анықтайды; жағымсыз салдарды азайту немесе жоюға күтілетін шығындарды бағалайды; тәуекелдерді азайту немесе жою үшін шығыстарды есептейді; экологиялық тәуекелдерді жою және жағымсыз салдардың басталу мүмкіндігін азайту тәсілдерін ұсынады [6].

Мұнайтасымалдаушы құралдарды эксплуатациялау кезінде табиғи техникалық жүйе жағдайына, экологиялық жағдай динамикасы мен табиғат қорғаушы және қорғаушы шаралардың тиімділігіне экологиялық бақылау ұйымдастыру керек.

Сонымен қатар жобалау кезінде мұнайдың апатты төгілуінің алдын алу және ликвидациялау кезінде келтірілетін зиянды экономикалық бағалауды ескеру керек. Яғни өндірісте болған апаттан қоршаған табиғи ортаның ластануы және кейіннен ықтимал зиянды болдырмау үшін жауапкершілігін сақтандыру қажет. Бұл экологиялық тәуекелді сақтандыру болып табылады. Мұндай апаттың салдары еңбек етуге

қабілетті азаматтардың өміріне, денсаулығынан айырылуына, еңбек қабілеттігін жоғалтуына, мүлкінен айырылуына, табыс-пайданы кем алуына, өзге де залал шегуіне себеп болады. Апаттық ластануға әдетте апаттық оқиғалардың салдарынан атмосфераға (гидросфераға) зиянды заттектердің шығарылуы (сарқындының ағызылуы), бұл заттектердің топыраққа жайылып сіңуі (суға жайылып араласуы), шуыл, діріл, радиация, температураның өзгеруі, басқа да жайсыз әсерлер жатады. Экологиялық тәуекелді сақтандырудың мақсаты – сақтанушылар мен сақтандырушылардың өзара қоршаған ортаны апаттық сипатта ластау қатерін азайтуға экономикалық мүдделілігін қалыптастыру және табиғат қорғау шараларын қаржыландырудың қосымша көздерін іздестіру.

Қорытындылай келгенде, экожүйеге экологиялық қауіпсіздікті тиімді тәсілдермен минималды ауырлықты қамтамасыз ететін технология қолданумен қамтамасыз ету керек: мұнай қалдықтарын өндірісте компакткі қойма негізінде табиғат қорғаушы нормаларға дейін залалсыздандырылған жинақтау; әрекет ететін қоршаған табиғи ортаның экологиялық мониторинг жүйесін ұйымдастыру.

Мұнай-газды пайдалану мен тасымалдауда негізгі тасымалдауға қоршаған табиғи ортаның барлық компоненттері (атмосфералық ауа, беткі және жерасты сулары, рельеф, жануарлар дүниесі) ұшырайды.

Осыған байланысты мұнай, газ тасымалдаушы объектілерді жобалаған кезде территорияның табиғи жағдайларына экологиялық талаптарға жауап беретін, жобаланатын объектілердің эксплуатациялық сенімділігін жоғарылатуға бағытталған, қоршаған ортаға жағымсыз әсерді азайтатын және болдырмайтын соңғы технологиялар мен техникалық жабдықтар пайдаланылуы керек. Құрылыс кезінде де, мұнай-газ кәсібі объектілерінде топырақ пен жерге әсер болуы мүмкін. Жер ресурстарының табиғи жағдайын сақтау мен техногендік әсердің жағымсыз салдарын төмендету үшін төмендегі іс шаралар ұсынылады: құбырларды төсеу кезінде негізгі құрылыс жұмыстарын жүргізу қысқы уақытта қатты қар жамылғысына бекітеледі; бұталы алаңдарды гидроизоляциялау; топырақ жамылғысын құрылыс жұмыстарын жүргізбес бұрын алып тастау; блоктік және блоктік-комплекттік жабдықтарды қолдану; қорғалатын

су аймақтарында жол жүргізу кезінде автожол суқойма жағынан жүргізіледі және апат кезінде құбырлардың жарылуы кезінде суқоймаға мұнайдың түсуіне кедергі болып дамба қызметін атқарады.

Экологиялық сақтандыру орын алуы мүмкін апаттың тек қаржылық жағын қамтамасыз еткендіктен, экологиялық сақтандыру сомасының ставкасын көбейту қажет. Экологиялық сақтандыру сомасы арнайы белгіліленеді. Ол қызмет түріне, орын алу мүмкін зиянның мөлшеріне және көлеміне сәйкес бекітіледі. Көбіне бұл сома орын алатын зиянның орнын толтыра алмайды. Қоршаған ортаға келтірілген зиян мен зардаптың орны табиғи жаңару бойынша ондаған, жүздеген жылдарды талап етеді. Экологиялық тәуекел қоршаған ортадан алынған пайданы қаржылау қайтару ретінде қарастырылды. Бірақ белгілі бір қызметтің атом электрстанциясының, мұнай, газ өндірісінің шығындысы мен орын алуы мүмкін апаттың зардабы салдарын қаржылай өлшеу, табиғаттың жүйелілігін бүгінде бағалау мүмкін емес. Қазақстан экономиканы дамытудың және энергияның балама көздерін дамытуға күш салу керек.

Әдебиеттер

- 1 Қазақстан Республикасының Конституциясы, 30 тамыз 1995 ж. – А.: ЮРИСТ, – 2013
- 2 Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі, 9 қаңтар 2007 ж., № 212 – А.: ЮРИСТ, – 2013
- 3 «Энергия ел игілігіне» (2.01.13ж.) <http://apta.kz> (kaztrk.kz)
- 4 Безопасность жизнедеятельности. Произ-

водственная экология: учеб. пособие для вузов / [сост. И.С. Майоров, Л.М. Царева] .— Владивосток: Изд-во ТГЭУ, 2009. – 172 с.

5 Семенова, И.В. Промышленная экология: учеб. пособие для вузов / И.В. Семенова. – М.: Academia, 2009. – 528 с. – (Высшее профессиональное образование).

6 Буренин, В.В. Новые конструкции фильтров и устройств для очистки и обезвреживания сточных вод промышленных предприятий / В.В. Буренин // Безопасность жизнедеятельности: Научно-практический и учебно-методический журнал / 2009. – №1. – С.30-34.

References

- 1 Kazakhstan Respublikasynың Konstitutsiyasy, XXX Augusti MCMXCV w. – А.: legisperitum – MMXIII.
- 2 Kazakhstan Respublikasynың Ekologiyalyk Kodeksi, MMVII g қаңтар IX.: N CCXII – А.: legisperitum – MMXIII.
- 3 «Industria igiligine comedi» (2.01.13zh.) [Htt: apta.kz](http://apta.kz) (kaztrk.kz).
- 4 Vita caruit. Industriae Oecologia: studiis. manual pro scholis / [comp. EST Mayorov, LM Tsarev]. – Vladivostok: Publishing Domus TSUE MMIX. – 172с.
- 5 Semenov, IV Industriae Oecologia: studiis. manual pro scholis / IV Semenov. – SI: academiam MMIX. – 528с. – (Высшее профессиональное образование)
- 6 Burenin, R. Novum cogitationes et odio cursus et dispositionis vastum aqua lustrationis cogitationes / V. Burenin // salutem: ipsum et praxim doctrina modos et Journal / MMIX. – № I. – Pp.30-XXXIV.

А.К. Джангабулова, А.Т. Салыхбаева

Общая характеристика экологических рисков

В данной статье авторы рассматривают экологическую безопасность и понятия, виды экологического риска, так же управление и порядок ведения экологического риска. И предлагают пути решения проблемы.

Ключевые слова: окружающая среда, экологическая безопасность, экологический риск.

A.K. Jangabulova, A.T.Salykhbaeva

General characteristics of environmental risks

In this article the authors consider the environmental safety and concepts, types of environmental risk, as the management and the conduct of the environmental risk. And offer ways of solving problems.

Keywords: environment, environmental safety, environmental risk.